«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев

Каспий күніне орай «Сәулелі жағалау» атты шығармашылық концерті

Ақтау - Түркі әлемінің мәдени астанасы аясында, Каспий күніне орай, «Сәулелі жағалау» атты мерекелік концерттің
СЦЕНАРИЙІ

Өтетін орны: **Жасыл алан 15 шағын аудан**

Пролог
Хабарлаусыз

Жүргізушілер сахнаға шығады.

1 -Жүргізуші: Армысыздар құрметті Ақтау қаласының тұрғындары мен қонақтары!

2- Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті достар! Маңғыстау – мұнайдың өлкесі, теңіз портының - Астанасы, оның жүрегі - Каспий теңізінің мөлдіреген көк толқыны жағалауға соғып, шалқып жатқан көрікті әсем қала – Ақтаудың көркі. Міне бүгін Каспий теңізінің айналасында орналасқан сол бес мемлекеттің ынтымағы мен достығы жарасқан «Сәулелі жағалау» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер.

1-жүргізуші: Тамыз айында «Каспий күнін» атап өту әдетке айналған, бұл дәстүр 2008 жылдан бастап, Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі Негіздемелік Конвенция күшіне енген кезде пайда болды. Сіздерді ару қаламыздың көркіне айналған Каспийдің мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Жүргізуші: Армысың, Каспий, бабамның бағзы көзіндей,
Арқырап аққан күні мен түні көз ілмей.
Арқасы қозған аруақты далам төсінде
Арқасүйерім –айдыным бары өзіндей.

Концерттік бағдарлама
(5 номер)

2-жүргізуші: Алысып тұрмын өзіммен мен де, жаныммен,
Ақырып келіп тасимын жастық жалынмен.
Ағыл да тегіл ағытар жырдың тасқынын,
Асылым, Каспий, жағаңа келдім тағы мен! – дегендей Қарт Каспий жағасына әрбір жан түрлі сезімін арқалап келіп, жүрегін тазартып жаңа сезіммен кетеді. Дәл осылай Каспий жанында орналасқан өзге мемлекеттердегі достарымыз да Каспиймен мұңын бөлісетіні анық. Сондықтанда «Каспий - достық теңізі» аталады.

1-жүргізуші: Қазақстан үшін, әсіресе Ақтау қаласы тұрғындары үшін Каспий теңізінің қоршаған ортасының мәселелеріне қоғамның ынта-ықыласын аударуға әсер ететін Каспий күні ерекше мереке болып табылады. Судың да сұрауы бар дегеніміз маңыздылығына сай, суды үнемдеп пайдалануымыз, суды ластамауымыз, судың мөлшерінің азайып кетуінен сақтап, оны қорғауымыз керек. Біздің ең маңызды мақсатымыз Каспий теңізін құрмет тұту.

2-жүргізуші: Теңіз эко-жүйесінде туындап отырған проблемаларды саралап және баға бере отырып, экологиялық аппараттарға жол бермеуге және оны тез арада шешуге мақсат койылды. Бұл игі істер адам баласының дүние-жүзілік маңызы бар Каспий сияқты су айдынын сақтап қалу шараларының бастамасы.

Сондықтан Құрметті, Ақтаулықтар осынау айбынды Каспийді сақтауды еске салатын мереке тағы да құтты болсын!

Концерттік бағдарлама
(5 номер)

1-жүргізуші: Каспий теңізі – руханият үшін таңғажайып тарих пен тағылымды аңыздардың өзегі, экономикалық тұрғыда қойнауы қазынаға толы мекен, еліміздің бірегей су қақпасы.

2-жүргізуші: Таңғажайып мекенде тарихы терең Каспийді аялауға құрметті достар сіздерді де шақырамыз. «Табиғатсыз адамзаттың

күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деп халық даналығында айтылғандай, табиғатты қорғау біздің міндетіміз, болашақ ұрпаққа қалдырар байлығымыз.

1-жүргізуші: Қымбатты көрермен! Ақтау - Түркі әлемінің мәдени астанасы аясында, Каспий күніне орай, «Сәулелі жағалау» атты мерекелік концерт өз мәресіне жетті. Жақсы күнде жолыққанша, аман сау болыңыздар!